

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
06.11.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 06.11.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов мырзаға беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Қаралып отырған заң жобасы келесі құжаттарға сәйкес әзірленді. Бұл елорданың атауы өзгеруі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджеттерге беру бөлігіндегі Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде қайта құру бойынша Мемлекет басшысының Жарлығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сырбар» сыртқы барлау қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне біріктіру жолымен қайта құру бойынша Мемлекет басшысының Жарлығы.

Заң жобасы Жер, Бюджет, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік кодекстеріне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске және 12 заңға түзетулер енгізуді көздейді.

Елорда атауының өзгеруіне байланысты төрт кодекс пен жеті заңға түзетулер енгізіледі.

Сондай-ақ заң жобасында кейбір күш құрылымдарын қайта ұйымдастыру бөлігінде өзгерістер енгізу көзделген.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қайта ұйымдастырылуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Қазақстан Республикасы «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің қосылуына байланысты заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу көзделіп отыр.

2020 жылдан бастап жергілікті бюджеттерге шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын беру ұсынылуда.

Республикалық бюджетке ірі кәсіпкерлік субъектілерінен ғана корпоративтік табыс салығының түсімдері түсетін болады.

Сондай-ақ облыстық мәслихаттарға шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын облыстық және аудандық бюджет арасында бөлу нормативін белгілеу құқығы берілетін болады.

Жергілікті бюджеттерге корпоративтік табыс салығын беру өңірлер экономикаларының, шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыратын болады және жергілікті бюджеттердің табыстарын ұлғайтады.

Жоғарыда айтылған түзетулер заңнаманың кейбір нормаларын сәйкестендіруге, бюджетаралық қатынастар мен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Осы заң жобасын қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Заң жобасымен Бюджет кодексінің 49-бабына республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығын төлейтін ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін үш жылға бекітеді дедіңіз. Бұл тізбе жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы заң қолданылатын үш жыл ішінде өзгермейді. Бірақ үш жылдық кезеңде экономикалық ахуал өзгеріп, ірі кәсіпорын орта кәсіпорынға, болмаса керісінше жағдайдың орын алуы ықтимал ғой. Осыған байланысты сұрағым бар.

Аталған тізбені үш жылдық кезеңге бекіту қаншалықты орынды деп ойлайсыз? Сондай-ақ ірі кәсіпкерлік субъектісі орта бизнес санатына өткен жағдайда республикалық бюджетке салық төлей бере ме? Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығын төлейтін ірі кәсіпкерлердің тізбесі болады. Ол Ұлттық экономика министрлігінің және Қаржы министрлігінің бұйрықтарымен бекітіледі. Осы тізім үш жылға бекітіледі және өзгермейді. Себебі жалпы сипаттағы трансферттер, яғни субвенциялар және алып қоюлар осы үш жылдық кезеңге бекітіледі және

өзгермейді. Ірі бизнес осы үш жылдық мерзім ішінде орта бизнес санатына, категориясына көшсе, оның корпоративтік табыс салығы республикалық бюджетке түсетін болады. Ол үшін арнайы тетік бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бопазов Марат Дәрібекұлына беріледі.

БОПАЗОВ М.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Жаңа өзіңіздің баяндамаңызда айтып кеткендей, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап микро және шағын бизнес субъектілерінің үш жыл мерзімге салықтарды, оның ішінде корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылатыны белгілі. Бұндай ынталандыру шара бизнестің ақша қаражатын босатуына мүмкіндік беріп, кәсіпкерлікті дамытуға серпін береді. Қазір осы заң жобасымен шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығынан түсімдерді жергілікті бюджеттерге беру ұсынылып отыр. Демек, жергілікті бюджетке осы салықтардан түсетін түсімдер толық түспейді.

Сіздің есеп-қисабыңыз бойынша жергілікті бюджетке қаншалықты толық түспейтінін айтуыңызды өтінемін. Және жергілікті бюджеттің шығыны қалай өтелетін болады? Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес келесі жылы шағын және микробизнес салықтан босатылатын болады. Бұл табыс салығынан босату Салық кодексіне енгізілген түзетулерге сәйкес арнайы салықтық режиммен жұмыс істейтін бизнес үшін ғана қолданылады. Жалпы, бұл оңайлатылған декларация бірыңғай жер салығына және ауыл шаруашылығына арналған режимдер. Жалпы шығын 109 миллиард теңге болады. Оның ішінде корпоративтік табысы 2020 жылы 17 миллиард теңге, 2021 жылы 18 миллиард теңге және 2022 жылы 20 миллиард теңге болады. Осы шығындар жалпы сипаттағы трансферттерде ескерілген. Осы шығындарды ескере отырып, жергілікті бюджеттерге түсетін корпоративтік табыс салығының көлемі анықталды. Жергілікті бюджеттерге корпоративтік табыс салығы 2020 жылы 380 миллиард теңге, 2021 жылы 430 миллиард теңге және 2022 жылы 480 миллиард теңге түсетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! В прогнозе социально-экономических последствий к настоящему законопроекту говорится о том, что отрицательных последствий не будет, а о положительных последствиях говорится в общих чертах.

В частности, говорится, что усилятся стимулы местных исполнительных органов по развитию малого и среднего бизнеса, но нет конкретных показателей роста объема производств, создания рабочих мест, налоговых поступлений.

Вы знаете, что на развитие предпринимательства в рамках ДКБ-2020 ежегодно из республики выделяются значительные средства. Допустим, в

текущем году на эти цели выделено 143 миллиарда, на 2020 год предусмотрено 175 миллиарда тенге. От такого финансирования, конечно же, должен быть экономический эффект.

Поэтому скажите, пожалуйста, к каким конкретным экономическим результатам приведет принятие настоящего законопроекта? Насколько прогнозно увеличатся на предприятиях малого и среднего бизнеса, во-первых, постоянные рабочие места; во-вторых, объемы производства; в-третьих, налоговые поступления?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Развитие малого и среднего бизнеса – это комплексная задача. Это не только один элемент в виде передачи корпоративного подоходного налога. В целом существуют различные программы, в том числе Дорожная карта бизнеса. На следующую пятилетку сумма по данной программе удваивается по сравнению с предыдущей пятилеткой, 420 миллиардов тенге будет выделено в следующем году – это и на субсидирование, и на обучение, и на консультирование, и на финансовую, нефинансовую поддержку.

ТӨРАҒА. Какая сумма?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. 421 миллиард тенге на ближайшие пять лет в ДКБ-2025.

ТӨРАҒА. Хорошо, дальше.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Что касается конкретных цифр. По нашим прогнозам, доля малого и среднего бизнеса к 2025 году будет составлять 35 процентов к ВВП (по итогам прошлого года составляет 28,4), соответственно, возрастет добавленная стоимость, которая будет производиться малым и средним бизнесом, почти на 23 триллиона тенге.

Дополнительные налоговые поступления, которых мы ожидаем в результате роста доли малого и среднего бизнеса в ВВП, составят 4,3 триллиона тенге. Прирост постоянных рабочих мест составит 700 тысяч мест. Это без учета того, что кто-то будет выбывать, убывать.

Поэтому мы считаем, что передача при этом корпоративного подоходного налога в местный бюджет создаст заинтересованность на местном уровне в активном развитии региональной экономики. Чем больше бизнес будет развиваться на местах, тем больше налогов будет поступать в местный бюджет. Появляется прямая заинтересованность у местных исполнительных органов в развитии региональной экономики.

ТӨРАҒА. А где зафиксированы эти цифры? Вы сейчас сказали, что будет 700 тысяч рабочих мест. До какого года?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Нурлан Зайруллаевич, к 2025 году. Данные цифры зафиксированы в Программе «Еңбек», Стратегическом плане развития до 2025 года, а также стратегических планах развития министерств: 35 процентов к ВВП – валовая добавленная стоимость, 700 тысяч рабочих мест – чистый прирост.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Мой вопрос касается нормативов распределения корпоративного подоходного налога между областным и районным бюджетами.

Понятно, что областной маслихат будет проводить распределение корпоративного подоходного налога по аналогии с индивидуальным и социальным налогами, но как показывает практика, зачастую 100 процентов освоения остается на областном уровне либо нормативы устанавливаются в соотношении 10:90 или 20:80 не в пользу районного бюджета.

При этом районные уровни бюджета, как правило, субвенционные и получают целевые трансферты из областного бюджета. Вместе с тем необходимо отметить, что малый и средний бизнес работает именно в городах и районах, а их корпоративный подоходный налог будет уходить в областной бюджет. В связи с этим у меня вопрос: насколько такой подход будет способствовать развитию малого и среднего бизнеса в городах и районах, когда областной маслихат будет устанавливать нормативы?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Целью передачи корпоративного подоходного налога в местные бюджеты является развитие региональной экономики, чтобы дать стимулы для развития местной экономики.

Что касается нормативов, это очень важный вопрос. Мы считаем, что здесь важна координация, здесь важно не допустить, чтобы весь корпоративный подоходный налог, передаваемый в местные бюджеты, остался только в областном бюджете, потому что на самом деле предприятия малого и среднего бизнеса находятся в районах и городах. Поэтому очень важно, чтобы была прямая заинтересованность не только областного бюджета, но и районных бюджетов развивать региональную экономику. Этого можно только достичь, если будут установлены прямые нормативы.

Поэтому для координации мы подготовили методические указания, чтобы не менее 30 процентов от собираемого в области корпоративного подоходного налога передавалось именно в районный бюджет. Не менее 30 процентов, а дальше уже может повышаться в зависимости от количества малого и среднего бизнеса непосредственно в данном районе и потенциала его развития.

Поскольку это первый год, в течение года мы будем осуществлять мониторинг и будем еще предлагать изменения. Главное – заинтересовать, в том числе и на районном уровне, в развитии малого и среднего бизнеса.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаныбеков Сәкен Әсембекұлына беріледі.

ҚАНЫБЕКОВ С.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Корпоративтік табыс салығы келесі жылдан бастап жергілікті бюджетке өтетіні туралы жаңа баяндамада айтылып кетті. Бұл, әрине, өте қомақты жұмыс деп айтуға болады. Себебі, біріншіден, жергілікті өңірдегі қазынашылық қызметкерлерін дайындау керек, одан кейін қосымша салық

төлеушілерді жаңа тәсілдерге үйрету қажет. Ол біраз уақыт алатыны бәрімізге белгілі. Осыған байланысты сұрағым бар.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл заң іске қосылады. Соған байланысты жергілікті өңірлер, министрлік толығымен дайын ба? Бұл жаңа тәсіл болғандықтан оған жергілікті жерлердегі серверлердің қуаты жете ме? Осы жөнінде айтып өтсеңіз.

ТӨРАҒА. Қанат Ескендірұлы Баеділов.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Аталып отырған норма 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Жылдың аяғына дейін екі ай қалды. Қаржы министрлігі тиісті жұмыстарды жүргізіп жатыр. Атап айтсақ, шағын және орта бизнестің төлейтін корпоративтік табыс салығына жергілікті жерлерде арнайы сыныптаманың кодын ашып қойдық. Заң қабылданған бойда біз Ұлттық Банкке, екінші деңгейдегі банктерге жеткіземіз. Жергілікті салық органдары жұмысқа дайын. Шағын және орта бизнеске айтарлықтай ауыртпашылық түспейді, өйткені олардың салық төлеу формалары өзгермейді. Сервердің қуаттылығына да ауыртпашылық түспейді, оның қуаттылығын өсіруді қарастырмаймыз. Жергілікті салық органдарында тиісті техникалық оқыту жүргізілді. Біз сақадай саймыз.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Согласно вашим финансово-экономическим расчетам в связи с передачей в местный бюджет поступлений корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса с 1 января 2020 года условные потери республиканского бюджета составят: в 2020 году – 423 миллиарда тенге, в 2021 году – 487 миллиардов тенге, в 2022 году – 541 миллиард тенге. Эти потери будут урегулированы вами путем снижения объемов субвенций местным бюджетам.

Скажите, пожалуйста, каким образом в таких условиях будет достигнуто ожидаемое разработчиками, согласно пояснительной записке, сокращение зависимости местных бюджетов от республиканского бюджета?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

В пояснительной записке написано, что указанные нормы приведут к снижению зависимости местных бюджетов в определенной степени от республиканского бюджета. На самом деле по плану прогнозируется, что зависимость местных бюджетов от республиканского бюджета будет несколько снижаться. Если посмотреть на показатель, какая часть расходов местного бюджета финансируется чисто за счет собственных доходов, то такой показатель по итогам 2019 года составляет 41 процент (менее половины собственных доходов местных бюджетов хватает на собственные расходы, остальное дает республиканский бюджет). С 2020 года благодаря передаче корпоративного подоходного налога такая сумма возрастет и составит 46 процентов, то есть местный бюджет будет обеспечивать сам себя на 46 процентов, а к 2022 году – на 52 процента. Это произойдет благодаря передаче

в доходную часть местных бюджетов корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса.

Конечно же, вопрос гораздо шире – есть ли у нас видение, как развивать доходы местных бюджетов, как постепенно выводить субвенционные области в самокупаемый режим? Такое видение, такие планы есть. Сегодня мы совместно с субвенционными районами договорились сесть и составить планы мероприятий, как они будут развивать доходную часть своего бюджета.

Параллельно в Правительстве действует проектный офис под руководством Премьер-Министра, отдельное совещание было посвящено тому, какие еще доходные источники можно будет передать в местные бюджеты или какие еще административные меры можно предпринять, чтобы увеличить самокупаемость местных бюджетов, чтобы увеличить доходную часть. Эту работу мы на системной основе будем вести и ведем. Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатович, все-таки можете поделиться планами, как субвенционные регионы, начиная с уровня областей, городов, районов, будем вытаскивать? Сейчас мы все отдадим и плавайте сами. Ну проведете вы еще не одно совещание в проектом офисе. Вы сейчас говорите: мы сели с акимами субвенционных регионов, составили план мероприятий. Но это наша с вами чиновничья терминология. А по жизни? Вы же Министр национальной экономики. Как экономист скажите, пожалуйста. Очевидная вещь. Скажи откровенно: деньги есть сегодня в бюджете, в экономике для малого и среднего бизнеса? Достаточно?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Денег в экономике, Нурлан Зайруллаевич, мало.

ТӨРАҒА. Вот! Дорогой Министр национальной экономики, содан бастамайсыз ба. Как вы доступность обеспечите? Ұлттық Банк қайда? Үкімет қайда? Обсуждайте вместе, а не с этими бедными акимами субвенционных районов. Ауылда жүрген әкімдер бір күннің ішінде бюджеттің кіріс бөлігін қайдан табады? Сіздер бірлесе отырып республикалық деңгейде осындай жоспар жасаңыздар. Пошагово. Потом скажите: мы тебе сегодня даем самостоятельность, но имей в виду, что с такого-то периода тебе от нас субвенций уже не будет, ты должен думать о развитии, для этого мы заводим такую программу финансирования вашего уровня. Понимаете, о чем должен быть разговор, Руслан Ерболатович?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Так точно.

ТӨРАҒА. А Вы сейчас докладываете здесь: провели в проектом офисе совещание. Bravo! Бумагу составили, назвали планом мероприятий. Ну еще раз поаплодируем! Пожалуйста, как Министр национальной экономики можете что-то еще доложить, какие конкретные пути решения Вы видите?

Вы сейчас сами сказали по малому и среднему бизнесу, а это будет главный источник доходной части всех уровней бюджета. Как мы доступность кредитных ресурсов сделаем, как доступность в целом по всем государственным программам средств сделаем? Есть сегодня видение? Пожалуйста.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Да, Нурлан Зайруллаевич. Именно то, что Вы сказали, будет отражено в наших планах.

ТӨРАҒА. Как в том анекдоте, «барлықтарыңның айтқанына қосыламын».

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Свое видение скажите, пожалуйста.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. По видению. Данный план будет комплексным, он будет включать не только фискальные и административные части, но и кредитование вопроса, поскольку...

ТӨРАҒА. Как кредитование вы сделаете? В чем сегодня проблема кредитования?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сегодня большая проблема в кредитовании.

ТӨРАҒА. Как ее решать будете?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сегодня большая ликвидность накоплена в банках второго уровня, Вы об этом прекрасно знаете, Нурлан Зайруллаевич.

ТӨРАҒА. Я-то знаю. Хорошо, что Вы об этом тоже знаете. Как будете теперь ее пускать на малый и средний бизнес?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. При этом необходимо наладить вопрос канализирования данных средств от избыточной ликвидности в реальную экономику.

ТӨРАҒА. Как наладить эту коммуникацию?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сейчас вместе с Национальным Банком мы прорабатываем вопрос использования внутренних резервов.

ТӨРАҒА. Есть что сегодня доложить о ваших проработках?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Есть.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Первое. Подготовлен перечень конкретных инвестиционных проектов с конкретной ставкой и конкретной суммой в конкретных районах, которые будут предложены банкам второго уровня. Поскольку ликвидность там есть...

ТӨРАҒА. Мы это слышим уже не один год! Где эти проекты?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Проекты есть. Очень большое количество именно инвестиционных проектов почти на 41 миллиард тенге. Конкретные проекты с конкретной ставкой окупаемости и финансовыми моделями до 2025 года. Проекты будут представлены банкам второго уровня. Основные проблемы – это качество проектов, отсутствие залогов и высокая ставка.

ТӨРАҒА. Ну вот опять вернулись на тот же берег. Вы повторяете опять слова банков второго уровня. Они все для отчетов говорят: ресурсы готовы, мы на старте, нижний старт взяли, готовы финансировать, но проблема залогового обеспечения, залога ликвидности и прочего-прочего. В сухом остатке там опять ничего нет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Абсолютно правильно. Поэтому подготовлены конкретные проекты, которые вместе с банками второго уровня мы будем сопрягать и выводить на конкретное кредитование.



ТӨРАҒА. Хорошо.

Руслан Ерболатович, передача корпоративного подоходного налога на местный уровень – это, безусловно, правильный шаг, современный подход. Конечно же, это все необходимо для повышения самостоятельности регионов. И очень хорошо, что мы это делаем. Но все ли учтено, когда речь идет о сокращении зависимости местных бюджетов от республиканского бюджета? Что я имею в виду?

Мы с вами понимаем, что корпоративный подоходный налог – это налог, который зависит в основном от конъюнктурных факторов и прежде всего от конъюнктурных факторов внешнего рынка на продукцию, которая производится в регионах.

Нефтеперерабатывающие предприятия по закону не будут учитываться. Так, да?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Так точно.

ТӨРАҒА. Но есть десятки городов, десятки районов, где существуют градообразующие или системообразующие предприятия, к примеру, горнодобывающего сектора. Если утвердится этот норматив по перераспределению, мы отдаем корпоративный подоходный налог в регионы, но может случиться так, еще раз повторяю, из-за конъюнктуры внешних рыночных цен, что эта продукция сегодня на рынке не востребована, объемы упали, цена упала, и получается, что регион не соберет необходимую сумму корпоративного подоходного налога, в то же время вы аккуратно минимум на эту сумму не даете субвенций региону. Возможен такой вариант? Что будет делать тогда Правительство, что будет делать Ваше министерство, чтобы восполнить этот разрыв между доходами и расходами в местный бюджет? Пожалуйста.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич, видение и меры есть. Многосторонняя проблема. Вы правильно говорите, корпоративный подоходный налог – это экономический, конъюнктурный, изменчивый налог, который зависит от того, как сложится в том числе и погода, как сложатся цены на внешнем и внутреннем рынках...

ТӨРАҒА. Повторять не надо. Вы ответьте на вопрос: что будут делать Правительство и Ваше министерство, чтобы восполнить разрыв между доходами и расходами?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Корпоративный подоходный налог, поступающий от нефтяного сектора, все-таки уходит в Национальный фонд, волатильность взята в Национальный фонд. Поступления от крупных предприятий, которые имеют филиалы, остаются в республиканском бюджете, там, конечно, есть волатильность, но ее на себя берет республиканский бюджет. В какой-то области крупное предприятие недоплатит, в какой-то области конъюнктура будет иной (другой металл, другая нефть), там будет больше поступлений. Волатильность берет на себя республиканский бюджет.

Корпоративный подоходный налог именно от малого и среднего бизнеса передается в местный бюджет. Это более-менее стабильные налоги по сравнению с тем, если брать крупный бизнес, который связан с экспортом.

Если даже в этом случае произойдет ужимание экономики, то существует бюджетный механизм выделения балансирующих трансфертов. Такое было, Нурлан Зайруллаевич, в 2015 году, когда было ужимание доходов и уже даже налоги, поступающие с заработной платы, социальный налог стали поступать в меньшем размере, тогда из республиканского бюджета был поддерживающий механизм в виде целевого трансферта на балансирование местных бюджетов. Такой механизм есть.

ТӨРАҒА. Давайте так, чтобы те, кто интересуется этой темой и слышит нас с вами, четко представляли. При возможных ситуациях разрыва между доходами и расходами в местных бюджетах, в случае образования такой дырки, четко сформулируйте, что будет со стороны республиканского бюджета для этих субвенционных регионов? Пожалуйста.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Для субвенционных регионов в случае попадания доходов...

ТӨРАҒА. В случае разрыва.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. В случае разрыва будет выделяться балансирующий трансферт на поддержание сбалансированности доходов.

ТӨРАҒА. Все, больше от Вас ничего не нужно было.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатович, необходимо продумать все, чтобы не допустить срывов финансирования важных социальных программ в регионах. Понимаете, самое главное, чтобы у регионов хватило денег для реализации социальных программ.

Еще раз повторяю, передача корпоративного подоходного налога на местный уровень – это, безусловно, правильный шаг. Еще раз повторяю, передача корпоративного подоходного налога на местный уровень – это современный подход. Но мы с вами как государственные люди должны предусматривать различные подходы, в том числе о которых я Вам сказал. Корпоративный подоходный налог формируется за счет предприятий, у которых большая зависимость от внешних рынков. Понимаете? И мы должны с Вами понимать, чтобы в случае проседания, разрыва у регионов хватило денег в первую очередь на выполнение социальных программ.

Гражданину, который пришел в поликлинику, все равно из каких источников финансируется эта поликлиника – из республиканского бюджета либо из местного бюджета. Да и не обязан он этого знать. Это наша с вами задача – обеспечить. Он должен получить качественную медицинскую услугу, обслуживание.

Поэтому важно, чтобы Правительство, проводя эту реформу по передаче корпоративного подоходного налога на местный уровень, имело так называемую подушку безопасности на своевременное выполнение в первую очередь социальных обязательств регионов.

Очень важно, Руслан Ерболатович, обратить внимание на субвенционные регионы. Когда мы заходим с реформированием вот таких очень базовых вещей, мы должны иметь разные варианты: вариант а), вариант б), вариант с). Вот на случай, если происходят разрывы...

Вы посмотрите, сколько у нас субвенционных регионов, начиная с областного, городского, районного уровней, вот тогда вы увидите, какая подушка безопасности должна быть. Я думаю, что это Вас заставит опять прийти сюда с корректировкой бюджета, потому что эта подушка будет очень и очень значительной.

Смотрите, что происходит. Мы вам отдаем эти налоги, но с чего они их будут получать, если вы эти налоги не подпитываете? Вы сами говорите, что нет там подпитки, банки второго уровня не подпитывают сегодня финансирование малого и среднего бизнеса в том объеме, в котором необходимо.

Я прошу только одного и оберегаю Вас, Руслан Ерболатович, чтобы не заняли позицию стороннего наблюдателя: хотели самостоятельности – вот мы вам отдали, выживайте как хотите. Нет, надо помочь. Помочь не субвенциями, опять возвращаться к прежней схеме, а помочь с финансированием тех проектов, о которых Вы говорите (41 тысяча). Понимаете, о чем идет речь?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Да.

ТӨРАҒА. Вот здесь комплексная задача Вашего стратегически важного Министерства национальной экономики. Вы же формируете экономическую политику страны. А то, что собрались с акимами, провели совещание, дали указание – составьте планы работ... У бедного районного акима не было доходной части бюджета и не будет до сегодняшнего дня, пока вы не сделаете так, чтобы у него в районе заработал малый и средний бизнес. Вместе с ним, конечно.

Вы должны это четко понимать, Руслан Ерболатович, и особенно должны понимать люди, которые этим вопросом будут заниматься в регионах. Вот с ними нужно провести какие-то встречи, объяснить. Это два сообщающихся сосуда, две заинтересованные системы.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Будет сделано.

ТӨРАҒА. Спасибо, что понимаете.

Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Если позволите, я в продолжение вопросов по КПН. Мы помним, когда даже НДС делился, как раз тоже это было конъюнктурно.

Мы же понимаем структуру нашей экономики. Вот взять даже «Арселор». Градообразующее предприятие в шахтерских городах, средний бизнес. Оно даже без образования юридического лица, просто к департаменту относится. О каком корпоративном подоходном налоге там может идти речь? Или в другой области рудник, это их подразделение, юридическое лицо, но он ему цену такую выставит, что там никогда прибыли просто не будет. Как

тогда? Опять уйдет на уровень «Арселора»? Куда дальше уйдет – это уже отдельный разговор. По этому вопросу был какой-то анализ или нет?

В продолжение вопросов моих коллег. Вообще какая доля корпоративного подоходного налога уплачивается малым и средним бизнесом? Такой анализ был?

И последнее. Вы сейчас сказали, что малый и средний бизнес должны развивать на районном и городском уровнях, но почему-то говорите: мы ему отдадим 30 процентов. Откуда вообще эти 30 процентов взялись? Спасибо.

ТӨРАҒА. Почему 30 процентов?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемый Альберт Павлович! Вы правы насчет НДС и корпоративного подоходного налога, он волатильный. Я сам работал в 1999 году в Министерстве финансов, когда корпоративный подоходный налог пополам делился между республикой и областью, и НДС то же самое. Теперь памятуя о волатильности, мы как раз выстроили модель – корпоративный подоходный налог от нефтяных компаний уходит в Национальный фонд, а от крупных предприятий, включая рудники, металлургию, других экспортеров, горнорудный сектор, неважно, где филиалы находятся – в республиканский бюджет.

Местным бюджетам будут оставлены только малый и средний бизнес, действительно, которые не связаны с внешней конъюнктурой. Это все будут поступать в местный бюджет. Сумма уже определена.

Крупные компании, которые имеют филиалы, они продолжают платить в республиканский бюджет.

Что касается норматива – 30 процентов. Мы исходили из того, что средний процент передачи других налогов – социальный налог, подоходный налог – был около 25 процентов по стране, мы поставили порог 30. Далее, как я сказал, будут повышающие коэффициенты, если в данном районе количество МСБ большое, есть большой потенциал, он будет увеличен.

В течение 2020 года мы проведем мониторинг и дадим еще новые методические указания, как повысить данный норматив.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Альберт Павлович.

РАУ А.П. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич. Я задал вопрос: вообще есть анализ, какая доля предприятий малого и среднего бизнеса вообще платит этот налог?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Есть анализ. Всего уплата корпоративного подоходного налога без нефтяного сектора составляет 1,6 триллиона тенге, почти 400 миллиардов тенге корпоративного подоходного налога приходится на малый и средний бизнес.

РАУ А.П. Какая доля от общего количества предприятий?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Именно корпоративный подоходный налог в общеустановленном режиме – всего у нас 1 миллион 300 малого и среднего бизнеса. Сюда добавляем почти 2,5 тысячи крупного, все равно остается 1 миллион 300. Количество – 1 миллион 300 с чем-то тысяч лиц, которые являются действующим малым, средним и крупным бизнесом в стране. Из них

корпоративный подоходный налог в общеустановленном режиме уплачивают 78 тысяч налогоплательщиков. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Менің сұрағым әріптесім Құсайыновтың сұрағының жалғасы болмақ.

Біз облыстық және аудандық бюджеттер арасында салықтарды бөлу жөніндегі қолданыстағы тәсілдерді талқыладық. Бұл процесс негізсіз болмау үшін заң жобасында корпоративтік табыс салығын бөлу нормативтерін облыстық мәслихаттың белгілейтінін көздедік. Алайда корпоративтік табыс салығы осылайша бөлу жөніндегі өлшемшарттар заң жобасында белгіленбеген. Бұл маңызды мәселе болып табылады. Өйткені аудандар арасында корпоративтік табыс салығын бөлу көлемі соған байланысты.

Осыған байланысты аудандар, облыс және қалалар үшін нормативті белгілеу кезінде облыстық мәслихаттардың қандай өлшемшарттарды басшылыққа алатынын нақты тағы да түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Заң жобасы бойынша облыстық мәслихаттар аудандық бюджеттерге түсетін корпоративтік табыс салығының нормативтерін айқындайтын болады. Бұл аудандарда орналасқан шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандырады. Енді қалай болады? Біріншіден, қосымша түсімдер болса, ол қосымша түсімдер сол ауданда қалады. Екіншіден, жалпы сипаттағы трансферттер, яғни субвенциялар және алып қоюлар үш жылға бекітілген және өзгермейді. Артық түсімдер болса, ол облыстық бюджеттерде қалады. Облыстық бюджеттер осы нормативтер бойынша аудандық бюджеттерге беретін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке беру шешімі бұл өте орынды. Сондықтан жергілікті атқарушы органдар барлық қаржыны жинап, тек халықтың ең маңызды мәселелерін шешуге ғана жұмсауы қажет. Болмаған қаражат енді қолға түсті, келді, болдым, жеттім деп ойларындағы басқа шаруаны жасамай, осы мәселені Үкімет бақылауға алуы қажет.

Сөз депутат Әшімбетов Нұржан Кемерұлына беріледі.

ӘШІМБЕТОВ Н.К. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! У меня также вопрос по корпоративному подоходному налогу. Вы знаете, что следующие три года микро и малый бизнес будут освобождены от всех видов налогов. В связи с этим, что малый бизнес будет освобожден от налогов, возможно, что некоторые средние предприятия будут разукрупняться и переходить в категорию малого бизнеса.

В связи с этим возникают риски недопоступления корпоративного подоходного налога от среднего бизнеса от прогнозируемых поступлений.

У меня вопрос: какие будут приняты министерством меры, если возникнут такие, возможно, негативные факторы?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Не все категории малого и среднего бизнеса получают льготу. Это касается только тех, кто работает по специальным налоговым режимам – патенту, упрощенной декларации и так далее. Сегодня там льготная ставка 3 процента. Средний бизнес платит ставку корпоративного подоходного налога в размере 20 процентов. Он и сегодня не переходит в размер малого, чтобы платить пониженные ставки, потому что существуют ограничения.

Это, во-первых, ограничения по обороту. Это всегда можно выяснить через администрирование.

Во-вторых, большинство из них являются плательщиками налога на добавленную стоимость. Это им важно, чтобы быть в цепочке поставки внутри экспортных поставок. Они всегда заинтересованы быть плательщиками НДС.

В-третьих, переход многих средних предприятий в малый бизнес сделает невозможным использование инвестиционных налоговых преференций. Сегодня средние предприятия, в принципе, могут дробиться и переходить на упрощенную декларацию, но они этого не делают ввиду ограничений. Данные ограничения администрируют налоговые органы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатович, получается, у Вас абсолютно нет опасений по разукрупнению и переходу в категорию малого бизнеса, да? Вы не опасаетесь этой тенденции?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Таких опасений нет, Нурлан Зайруллаевич. Сегодня они не разукрупняются.

ТӨРАҒА. Хорошо. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Руслан Ерболатұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті депутаттар, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджет-аралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында белгіленген шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджеттерге беру бойынша тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы:

шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджеттерге берумен байланысты фискалдық орталықсыздандыру шеңберінде бюджетаралық қатынастар саласындағы заңнамасын жетілдіруге;

Мемлекеттік күзет қызметінде және Сыртқы барлау қызметінің қайта құруларымен байланысты заңнаманы сәйкестендіруге бағытталған.

Заң жобасымен 17 заңнамалық актіге, оның ішінде 5 кодекске және 12 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Осы және басқа да негізгі бағыттары бойынша жаңа ғана министр өз баяндамасында айтып өтті.

Бұл заң жобасы бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалаудың бастапқы қадамы деп қабылдауымыз керек.

Өз Жолдауында Президентіміз шағын және орта бизнестен түсетін салық түсімдерін өңірлердің құзыретіне берумен шектелмеуге шақырды. Ендігі қадам бюджет үдерісінің барлық деңгейде ұйымдастыруын қайта қарау болып табылады. Ол – ең алдымен жергілікті бюджетті қалыптастыруға халықтың белсене атсалысуын қамтамасыз ету.

Осы тұрғыда Ұлттық экономика мен Қаржы министрліктері және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, аталған заңда енгізген нормаларды жүзеге асыру үшін атсалысу керек.

Атап айтқанда, жұмыс топтарында және комитеттің кеңейтілген отырысында көтерілген мәселенің бірі – кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін салықтарды әкімшілендіруді жақсарту.

Өйткені кейбір өңірлердің салық базасы кең және әлеуеті жоғары болғанымен жинайтын салық мөлшері тым аз болып тұр. Мысалы, Түркістан облысындағы жағдай, онда кәсіпкерлік субъектілері басқа өңірлермен салыстырғанда екі-үш есе көп бола тұрып, берген салық мөлшері өте төмен.

Сонымен қатар облыс пен аудан бюджеттеріне түсетін кірістерді бөлу нормативтерін реттеу мәселесі. Заң жобасында бұл нормативтерді облыс мәслихаты бекіткенмен оған нұсқаулықты Ұлттық министрлік беру қажет. Әрине, облыстағы және аудандардағы жағдайды жергілікті әкімшілік жақсы біледі. Бірақ кәсіпкерлер аудандар мен қалаларда тұрып, салығын сол деңгейдегі бюджетке төлейтінін ұмытпауымыз керек.

Енгізілген нормалар бизнесті дамытуға, ал жергілікті билікті салық көздерін көбейтуге ынталандыруға бағытталған болса, ең алдымен аудан мен қаладағы жағдайды реттеуіміз керек.

Сондықтан жергілікті әкімдер салықтардың уақытылы түсуін қамтамасыз етуге, салық салу базасын арттыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға барынша ықпал етуге мүдделі болуы тиіс.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасы бойынша жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырыстары өткізілді.

Депутаттар 30 түзету енгізген болатын, олардың ішінде:

республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығын төлейтін ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесіне қатысты айқындайтын нормалар;

астананы әлеуметтік-экономикалық дамытуға жәрдем көрсететін ұйымның құзыретін айқындайтын нормаларды нақтылау;

әскери полиция органдарының құзыретімен байланысты жекелеген нормалардың редакциясын жақсарту.

Жалпы айтқанда, Мәжіліс депутаттары мен тұрақты комитеттері енгізген түзетулер барлық мүдделі министрліктер, ведомстволар және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жан-жақты талқыланды.

Мәжілістің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарға байланысты аталған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Жұмыс тобы заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында өз жұмысын жалғастыратын болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Уәлихан Анарбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі түрлі деңгейдегі әкімдіктерді жергілікті дамудың негізгі көздерін, яғни шағын және орта бизнесті өркендетуге қол жеткізе алмай отырғаны анық. Өңірлер қосымша табыс көзін іздестіруге құлықсыз», – деп атап өткен.

Қазіргі кезде жергілікті бюджеттерге алты салық түрі, төлемақылар, лицензиялық алымдар мен мемлекеттік баждар секілді салықтық түсімдер бекітілген.

Осыған байланысты шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы түсімдерін жергілікті бюджетке беру жөніндегі шешім дұрыс деп ойлаймын. Өйткені өңірлер үшін өсудің тұрақтылығы маңызды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнестің экономикалық өсу әлеуеті жоғары, демек салық базасы да өсуі мүмкін.

Сонымен қатар салық төлеушілерден түсетін корпоративтік табыс салығының едәуір құбылмалы болатынын айта кеткен жөн.

2018 жылы республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығы бойынша 1,7 триллион теңге түскен, оның ішінде ірі кәсіпкерлік субъектілерінен 1,4 триллион теңге, ал шағын және орта бизнестен 328 миллиард теңге түскен.

Шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы бойынша 2018 жылы бюджетке ірі түсімдерді Алматы қаласы (133,4 миллиард теңге) және Нұр-Сұлтан қаласы (53,5 миллиард теңге) төлеушілері қамтамасыз етті. Осы өңірлерде көтерме-бөлшек сауда мен құрылыстың кеңінен дамығаны белгілі, сондықтан да корпоративтік табыс салығын төлеушілердің көбі қызметін экономиканың осы секторларында жүзеге асырып отыр. Және осы қалаларда асырып отыр, атап айтқанда, корпоративтік құн салығын төлеушілер орта бизнес кәсіпкерлері.

Статистика органдарының деректері бойынша 2019 жылдың тоғыз айында елде барлығы 440 мың корпоративтік табыс салығын төлеуші



тіркелген, оның ішінде 85 мыңы осы жылда қызметін уақытша тоқтатқан және 8 мыңы жабылған. Ал жыл сайынғы заңды тұлғаның өсімі орташа есеппен 20 мыңнан аспайды.

Осы статистиканы ескере отырып, келесі қорытындыға келуге болады.

Бүгінгі күні, орта бизнестің бөлшектену тәсілімен шағын, микробизнес және жеке кәсіпкерлер ретінде ыңғайлы, жеңілдетілген салық салу аймағына өту үрдісі кеңінен орын алуда.

Соңғы жылдары орта бизнес субъектілері санының күрт төмендеуі байқалып отыр. Орта бизнес дегеніміз, тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отырған, өндірістік және өңделген тауарларды шығаратын орнықты кәсіпорындар.

Шағын және микробизнес субъектілеріне маратория жариялау, орта бизнестің әрі қарай бөлшектене беруіне жол ашуда.

Жоғарыда айтылғанға байланысты Үкіметке орта бизнесті дамыту мақсатында тауар өндірушілер үшін экономикалық ынталандыру шараларын және салықтық преференциялар қарастыруды ұсынамын. Жаңа Нұрлан Зайроллаұлы осы туралы айтып кетті. Кешенді шаралар керек. Ондай шаралар қабылдамасак, орта бизнесті дамыта алмаймыз.

Құрметті әріптестер, жалпы, осы заң жобасының қабылдануы жергілікті атқарушы органдарға өңірлік экономиканың әлеуетін жандандыра отырып, салық базасын кеңейтуге мүмкіндік беретіні анық.

Осы айтылғандардың негізінде қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлына беріледі.

ДУЛАТБЕКОВ Н.О. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы аса маңызы әрі өзекті деп есептеймін.

Дамыған елдерде жергілікті билік органдарының дербестігіне және жергілікті бюджеттердің орталықтан тәуелді болуын азайтуға ұмтылады. Мемлекет құрылымы мен ел экономикасының өзіндік ерекшелігіне қарай осы жолдағы тәсілдер сан алуандығымен ерекшеленіп отырады.

Мысалы, Жапонияда кішігірім қалалар ел экономикасын дамытуда елеулі рөл атқарады. Моноқалалар жаңа өнеркәсіптік объектілер шоғырланған жер болып табылады. Онда цехтар мен зауыттар және қосалқы кәсіпорындар орналасқан, оған қоса осы қалашықтар алып қалаларға жұмыс күшін беріп отырады. Британияда жергілікті өзін-өзі басқару экономиканы дамытумен дербес айналысып, өнеркәсіптік кәсіпорындарға жер учаскелері мен ғимараттар ұсынады және өнеркәсіптік инвестицияларды орналастыруға қажетті жағдай жасайды. Жергілікті басқару органдары қалауы бойынша салықтық жеңілдіктер енгізе алады. Бұл халықтың миграциясымен және мегаполистердің өсуімен күрес жолындағы тиімді тәсіл. Қазақстанда осындай және өзге де алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін енгізу жергілікті атқарушы органдарды салықтық базаны кеңейтуге және жергілікті бюджеттер

кірістерін ұлғайтуға ынталандырады, сондай-ақ өңірлердің шағын және орта бизнесті дамытуға барынша мүдделі болуына әкеледі.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы нақ осы мақсаттарға бағытталады деген сенім бар.

Заң жобасы арқылы шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығынан түсімдерді жергілікті бюджеттерге беруге мүмкіндік беретін түзетулер енгізіліп отыр.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында заң жобасында қызметкерлер мен әскери қызметшілердің Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет өткеруін біріздендіру және оларды іріктеу өлшемшарттарын күшейту ұсынылады. Сондай-ақ Сыртқы барлау қызметінің ұлттық қауіпсіздік органдарына қосылуы ескеріле отырып, ұлттық қауіпсіздік органдарының арналымы мәселелерін түзету ұсынылып отыр.

Заң жобасына енгізілетін түзетулер сыртқы барлау саласындағы қызметті жетілдіруге, оның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткеру мәселелерін жетілдіруге және тиісінше, шетелде ұлттық мүдделерді іске асыруға ықпал етеді, сондай-ақ шоғырландырылған барлау және қарсы барлау қызметі жағдайларында арнаулы мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, қаралып отырған заң жобасы өңірлік экономиканы дамыту, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін маңызды деп есептеймін және оны бірінші оқылымда қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемые коллеги! Я хотел бы поддержать ту дискуссию, которую задал сегодня наш спикер.

Дело в том, что, по нашему мнению, простая передача корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса в регионы не есть льгота для бизнеса. Да, конечно, акимы будут заинтересованы в поощрении развития малого и среднего бизнеса на местах, но у них не так много вообще-то инструментов для поощрения малого и среднего бизнеса. Основные инструменты находятся в руках у Правительства – инвестиционная политика, налоговая политика.

Вопросы по доступности кредитов, о чем сейчас спрашивал Нурлан Зайруллаевич у докладчика. Наши коллеги недавно поднимали вопрос, что полученные на поддержку банков средства, в том числе из Национального фонда, почему-то в основной части ушли в ноты Национального Банка, а не пошли на кредитование экономики. Почему бы Министерству национальной экономики не рассмотреть вместе с Национальным Банком вопрос об ограничении направления средств банков второго уровня в ноты Национального Банка либо об ограничении доходности по этим нотам, чтобы

банки так или иначе были простимулированы, чтобы все-таки часть средств направлять не кредитование юридических лиц, малого и среднего бизнеса?

Другой вопрос по инвестиционным преференциям. Сегодня инвестиционные преференции в основном ориентированы, к сожалению, на крупный бизнес, если говорить о наиболее привлекательных инструментах. Почему бы не пересмотреть параметры инвестиционных преференций для того, чтобы они были и для среднего бизнеса тоже интересны?

По налоговой политике. Посмотрите, сколько бы мы ни говорили о поддержке малого и среднего бизнеса, но даже сейчас, отвечая на вопросы наших коллег, министр говорит, что освобождение от КПП только для микро- и малого бизнеса, для тех, кто применяет специальный налоговый режим.

Глава государства нынче в Послании неслучайно обратил внимание, что особая поддержка сегодня нужна среднему бизнесу, потому что обрабатывающая промышленность, переработка – это именно средний бизнес. Малый бизнес – это торговля и сфера услуг.

Мы считаем, что необходимо в налоговой политике предусмотреть инструменты для поддержки среднего бизнеса, в частности, отраслевые ставки НДС, на которых наша фракция настаивала и каждый раз получала отказ Правительства.

Одна очень интересная вещь, посмотрите. Если сегодня заявляется о том, что доля малого и среднего бизнеса в ВВП составляет по стране 28,5 процента, именно в добывающих регионах очень низкий – всего 10-12 процентов. С чем это связано? Нам говорят, что это связано с тем, что большая доля добывающих компаний. Это одно. Но ведь у добывающих компаний, соответственно, и больше ресурсов для того, чтобы вкладывать в местную экономику, поддерживать малый и средний бизнес. Давайте дадим такие возможности через закон об офсетной политике, чтобы у акиматов были возможности понуждать, стимулировать крупных недропользователей, оставлять часть их доходов, оставлять заказы, загружая местные малые и средние предприятия.

То есть этот один вопрос тащит за собой огромный срез многих других начинаний, которые необходимо рассмотреть вкупе.

Фракция «Ак жол» поддерживает данный законопроект в первом чтении, но мы считаем, что это только начало большого и важного разговора, и призываем учесть высказанные замечания. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Руслан Ерболатович, сейчас первое чтение. Ко всем этим вопросам Вам нужно будет вернуться и до второго чтения на все эти вопросы надо будет найти ответы.

Этот тезис, что перевод КПП на региональный уровень, – это не самоцель, чтобы Вы отчитались, особенно когда будут считать рейтинги. Вопрос в том, что на местах люди должны почувствовать, что теперь, действительно, КПП остался там. Для того чтобы КПП рос, надо создать условия, в первую очередь для финансирования субъектов малого и среднего

бизнеса. Триединая задача стоит. При этом, как я уже говорил, уже имеет какую-то подушку безопасности, если вдруг какой-то регион просядет, потому что наши граждане не должны пострадать, если вдруг мы завтра увидим, что КПП не смог выручить, вы субвенции перестали давать.

Руслан Ерболатұлы, екінші оқылымға дейін осы мәселелердің бәрін қарауымыз керек.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті депутаттар, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Өте қажет, өте маңызды заң. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 106, «жақтағандар» – 106. Қаулы қабылданды.



*Дүрсін: Құжаттамалар қамтамасыз  
бөлімінің сектор меңгерушісі,  
Майя Н. Шайтмұстафа*